

№6 ХАТТАМА

Өткізілген күні: 26 қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар:

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің I жартыжылдықтағы жұмысының есебі.
2. «bilim clas» жұмысының барысы.
3. Тәлімгердің I жартыжылдықта атқарған жұмыстарының есебі.
4. Әлеуметтік педагогтің I жартыжылдықта атқарған жұмыстарының есебі.

Тыңдалды Бірінші мәселе бойынша Омарбекова А.И

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің жетекшісі сөз алып, I жартыжылдықта атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Есеп барысында пән мұғалімдерінің сапалық құрамы, білім сапасының көрсеткіштері, өткізілген ашық сабақтар, әдістемелік жұмыстар, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысу нәтижелері таныстырылды. Бірлестік мүшелері оқу бағдарламасының толық орындалғанын, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілгенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша Саламат Ж.К

Екінші мәселе бойынша «bilim clas» платформасында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Мұғалімдердің электрондық журналдарды уақытылы толтыруы, сабақ кестесінің енгізілуі, үй тапсырмаларының жариялануы және ата-аналармен кері байланыстың ұйымдастырылуы талқыланды. Кейбір мұғалімдер тарапынан журналдарды толтыруда кемшіліктер анықталғаны айтылды.

Үшінші мәселе бойынша Бекетанова Н.А

Тәлімгер I жартыжылдықта өткізілген тәрбиелік іс-шаралар туралы есеп берді. Мектепшілік мерекелік шаралар, патриоттық тәрбиеге бағытталған іс-шаралар, қайырымдылық акциялары және оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Төртінші мәселе бойынша Жұмабаева А.А

Әлеуметтік педагог әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы баяндады. Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға көрсетілген әлеуметтік көмек, оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу, құқықтық және психологиялық қолдау жұмыстары жөнінде мәлімет берілді.

Қаулы

1. Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің I жартыжылдықтағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Пән мұғалімдеріне білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру тапсырылсын.
3. «bilim clas» жүйесін жүргізуде анықталған кемшіліктер 2026 жылғы ақпанға дейін жойылсын.
4. Тәлімгердің тәрбие жұмыстарының жоспарына сәйкес іс-шараларды ұйымдастыру жалғастырылсын.
5. Әлеуметтік педагог әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушылармен жұмысты жүйелі түрде жүргізсін.
6. Қаулының орындалуын бақылау директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына жүктелсін.

Мектеп директоры



Алиева Г.С

Хатшы:



Жакыбаева Г.Н